

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Сембаева Жансая Сембайқызының
«Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясына

ПКР

Ізденушімен тандалынған зерттеу тақырыбы әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады және диссертациялық жұмыстың мазмұны көрсеткендегі қазіргі әлеуметтік ғылымдарда маңызды болып табылатын ғылыми бағыттар мен мәселелердің шеңберін қамтиды. Сонымен қатар, ізденуші осы тақырыпты зерттеудің жанжақты сипаты мен пәнаралық тәсілін жүйелі түрде негізделген.

Қазіргі кезде Қазақстан және Өзбекстан Республикалары халықаралық өзара ынтымақтастығын қайта қарастыру кезеңінде. Осы контексте диссертациялық зерттеу тақырыбы аймақтың барлық мемлекеттері болашақта Орталық Азия елдерінің интеграциясының концептуалды негіздерін қайта құру, консолидация үдерісі ретінде өзара халықаралық іс-қимылдың жеке парадигмалық негіздерін сынни тұрғыдан қайта қарау кезеңін бастан кешуде деген мағынада үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Ғылыми зерттеуде ұсынылған мына көрсетілген тұжырымдамалар дәлелденген және жеткілікті түрде негізделген:

- Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығы Орталық Азиядағы үдерістерді динамикалық тұрғыда дамуында басты рөл атқаруы тиісті. Консолидация тәсілі Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясына алғашқы қадам ретінде қарастырылған.

- Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өздерінің ынтымақтастық қызметінде ЕурАЗЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық ұйымдарына мүшеболып табылады. Ескере кететіні кейбіреуінде Өзбекстан толыққанды мүше емес. ЕурАЗЭҚ пен ШЫҰ-ң дамулары Орталық Азиялық елдердің геоэкономикалық мүдделеріне қарай дами алуы мүмкін. Бір жағынан алғынан қаралғанда ШЫҰ мен ЕурАЗЭҚ ұйымдарының болуы Орталық Азия елдерінің консолидация арқылы өзіндік жеке аймақтық көп жақты ынтымақтастықтың қалыптасуына әсер етіп, одан әрі аймақтық деңгейде ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын жүргізуіне әкелу мүмкіншіліктері бар.

- Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің өзара экономикалық іс-қимылдарының қарқынды болуы, соның нәтижесінде барлық құралдар мен күшті экономикалық даму үдерістеріне басымдық беру арқылы дамудың қайта индустріалдандыруын ескере отырып тұрақты өсуге қол жеткізіп, қауіпсіздікпен, тұрақтылықпен қамтамасыз етуге қол жеткізге болады.

Жалпы диссертациялық жұмыс докторанттың ұсынып отырған барлық негізгі ережелері мен тұжырымдарын көрсетеді. Құрылымдық жағынан диссертация жүйелі түрде құрылған. Зерттеу жұмысындағы ақпарат қол

жетімді ғылыми тілде жазылған және диссертацияның қорғауға алынған барлық негізгі тұжырымдамалық ережелерін ашады.

Бұл зерттеу жұмысының сөзсіз артықшылығы-практикалық материалдардың болуы. Осы ретте айта кететіні, саяси ғылымдар бойынша зерттеулерде бұндай тәсіл көп кездеспейді. Ол- әр түрлі жастағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасында Қазақстан мен Өзбекстанда жүргізілген саулнама нәтижелеріне талдау.

Ізденушінің зерттеу жұмысы барлық докторлық диссертацияларға қойылатын ғылыми сын мен талаптарға сәйкес жүйелі кезеңділіктен және қорытындыдан турады.

Қорыта келе, Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

Пікір беруші:

**Абай атындағы ҚазҰПУ,
Әлем тарихы кафедрасының
менгерушісі, PhD**

K.M. Рустем



Тел: 87075153146

E-mail: kamshat_rustem@mail.ru